

№ Н00013 29.10.2021 ж

**АЛДАБЕРГЕНОВА АРМАНАЙ АЛДАБЕРГЕНҚЫЗЫ**





*Қызылорда облысы, Арал ауданы, Бөген ауылы*










*№ 20 З.Шүкіров атындағы орта мектебі*

*Мектепалды даярлық тобының мұғалімі*

Пән: Сауат ашу Мектеп: Қызылорда облысы Арал ауданы Бөген ауылы №20 З.Шүкіров атындағы орта мектебі Ұзақ мерзімді жоспар бөлімі: Мұғалімнің аты-жөні: Мектепалды даярлық тобының мұғалімі Алдабергенова Арманай Алдабергенқызы Күні: Қатысқандар саны: Сынып: МАД Қатыспағандар саны:	
<b>Сабақ тақырыбы:</b>	<b>Менің достарым. Д дыбысы мен әрпі</b>
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары(оқу бағдарламасына сілтеме)	1.1.9.3 сөздің буыннан тұратынын түсіну және сөздегі буын санын анықтау 1.1.4.1 мәтіннің мазмұнын тақырыбы немесе оның иллюстрациясы бойынша болжау 1.3.1.1 сөйлемді бас әріппен бастап жазып, сөйлем соңына тиісті тыныс белгілерін қою
	<b>Барлық оқушылар:</b> Сөздің буыннан құралатынын біледі,буын санын анықтайды. Сурет бойынша сөйлем құрастыра алады. <b>Көптеген оқушылар:</b> Буын сызбасына сәйкес сөздер ойлайды Сөйлем туралы ережені сақтайды.. <b>Кейбір оқушылар:</b> Сөздегі буын санын анықтап, дәлелдемелер келтіреді.Сурет бойынша өз ойымен бөліседі, басқа да болжамдарды тыңдайды,талдайды.
Бағалау критерийлері	➤ Сөзді буынға бөледі. ➤ Сөздегі буын санын анықтайды. ➤ Иллюстрация бойынша мәтіннің мазмұнын болжап әңгімелейді.
Құндылықтарды дарыту	Үлестілік: топпен жұмыс жасағанда Ашықтық: өз ойын қорытындылап, жеткізгенде
Пәнаралық байланыстар	Дүниетану –салауатты өмір салтын сақтау Өзін-өзі тану – мейірімділік,сүйіспеншілік қалыптастыру

АТК қолдану дағдылары	Интерактивті тақтадан тапсырмалар ,слайдтар	
Бастапқы білім	Дыбыстық талдау жасай алады, сөзді буынға бөле алады	
<b>Сабақтың барысы</b>		
<b>Сабақтың жоспарланған кезеңдері</b>	<b>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<p><b>Сабақтың басы</b> 0-8 минут</p> <p>2 мин</p> <p>2 минут</p> <p>4-минут</p>	<p>Оқушылар топқа бөлініп отырады. Амандасу. <b>(Ұ) Зейіндерін шоғырландыру</b> «Армысың досым, Кел,маған қосыл (қолдарынан ұстайды) Жүректен шыққын сөзім(қолын жүрегіне апарды) Жүрегінде болсын! (жүрекше береді) <b>(МТ)</b> Бүгінгі сабағымыздың оқу мақсаты Дд дыбысы мен әрпі туралы алған білімімізді жинақтаймыз.Сөздегі буын санын анықтап, талдаймыз. <b>Бағалау:</b> Сабақ барысында белсенді болған оқушы дәрумен алады. <b>(Ұ) «Шындық па,жалған ба?»әдісі</b> Дұрыс жауапқа қол соғады, жалған жауапқа аяғын тарсылдатады. 1-топ: -Дыбыстарды естиміз,айтамыз. 2-топ: Дауысты дыбыстарды айтқанда тіліміз кедергі жасайды. 3- топ:Әріптерді жазамыз,көреміз,оқимыз. 4-топ: Дауыссыз дыбыстарды айтқанда дыбыс еркін шығады. 5-топ: Дд дауысты дыбыс.</p>	<p>Жүрекше стикері</p> <p>Дәрумендер</p> <p>Слайд</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p><b>8-33мин</b></p> <p>8 мин</p>	<p><b>(Т) «Суретпен жұмыс» әдісі.</b> Әр топқа суреттер беріледі. Суреттерден Д әрпі бар сөздерді табу, буынға бөлдіру,дыбыстық талдау жасату, сөйлем ойлату. Д әрпінің орнын анықтату. Кері байланыс. Жұптық бағалау.</p>	<p>Суреттер</p> <p>Сызбалар</p> <p>Буындар</p>

<p>5 мин</p>	<p><b>Оқылым:</b>  <b>(Ө) Буындардан сөз құрау</b>          Оқушыларға буындар беріледі. Буыннан сөз құрап, жұбына оқып береді.          Ау ла    Да на    да ла да    са на    шор тан          О тан    та ра    ал ша    а нар    а на          А ра    о лар    тон    он    шар          Ша шу    Са нат    сан    да ла    Ду лат          Шар лар    от    лау ла    а ра ла    нан          Тізбектей оқыту.          Сергіту жаттығуы:          Ду,ду,ду! Дүк,дүк,дүк!          Пойыз келеді.          Ду,ду,ду! Дүк,дүк,дүк!          Бәрі жол береді.</p>	<p>Слайд</p>
<p>2 мин</p>	<p>Ду,ду,ду! Дүк,дүк,дүк!          Жүгіріп өтпе.          Ду,ду,ду! Дүк,дүк,дүк!          Тұра тұршы шетте.          Ду,ду,ду! Дүк,дүк,дүк!          Пойызды өткіз.          Қол бұлғап қалайық-          Жол болсын!- деп біз.          Барынша қолдауды қажет ететін оқушылар:  <b>Сөздерді көшіріп жаз.</b>          <b>Орташа қолдауды қажет ететін оқушылар:</b>          Сөздің қатесін тауып ,дұрыс жазады.</p>	<p>Тапсырмалар  Тапсырмалар</p>

5 мин	   <p>дөп шата                      шүр</p>	Слайд
5 мин	<p><b>(Ө) Жазылым.</b> Тақтадағы суреттердегі заттардың алғашқы әріптерінен сөз құрау.</p>       <p>Далада</p> <p>сөзіне сөйлем ойлап дәптерге жазу. Дана далада.</p> <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"><li>1. Әріп элементтерінің астыңғы байланысын сақтайды;</li><li>2. Көркем, қатесіз жаза алады;</li></ol> <p><b>ҚБ тапсырмасы</b> <b>Тапсырма</b> Суреттерге мұқият қараңыз. Тақырыбыноқыңыз. Сурет бойынша әңгіме құрастырыңыз. Ары қарай не болады деп ойлайсыз?</p> <p><b>Қамқорлық</b></p> <p>Ширату жаттығуы «Егер ,.....не болар еді?» Оқушылардың бірі жүйрік қиялмен бір ситуация айтады. Қалғандары соның шешімін тауып жалғастыру керек. . Мысалы, «Егер, жануарлар мүлдем дыбыс шығармаса , онда Жер бетінде не өзгеріс болар еді?» «Егер, өсімдіктер жануарлардың дыбысын ажырата алса, онда не болар еді?» «Егер , мектеп асханасында көкөніс, жеміс, сусындардан басқа ешқандай тағам берілмесе , онда не болар еді?»</p>	Суретті тапсырмалар

	Бұл тәсіл оқушылардың қиялын дамытып, мидың ойлау белсенділігін арттырады.	
Сабақтың соңы 33-40 мин <b>7 мин</b>	<b>Рефлексия «Бір сөзбен» әдісі</b> Сабақ туралы пікірін бір сөзбен білдіреді. Бағалау. Сабақта белсенділік көрсеткен балаларға дәрумендер беріледі.	Микрофон  Дәрумен
<b>Саралау-</b> оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? <b>Орташа қолдауды қажет ететін оқушылар:</b> Сөйлемдердің қатесін тауып, әріп элементтерін каллиграфиялық талапқа сай көркем жазады. Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз? <b>Аз қолдауды қажет ететін оқушылар:</b> Сурет бойынша сөйлем құрастырып, соңын болжайды.	<b>Бағалау-</b> оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз? Дескриптор бойынша, «Кім көп жинады?» әдісі, «Керемет сөздер» Жұптық бағалау, топтық бағалау, басбармақ арқылы бағалау.	<b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</b> Интерактивті тақтаны дұрыс пайдалану. Топтық жұмыс орындағанда қауіпсіздік ережелерді сақтау.
<b>Сабақ бойынша рефлексия</b>  Сабақ мақсаттары /оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?		Бұл бөлімді сабақ туралы өз пікіріңізді білдіру үшін пайдаланыңыз. Өз сабағыңыз туралы сол жақ бағанда берілген сұрақтарға жауап беріңіз.
<b>Жалпы баға</b> Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да)		

ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады? (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)?

1:

2:

Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?

## Ойын арқылы таным үрдістерін, қол машықтарын дамыту

### СЕНГІРБЕКОВА АҚБОТА ӘЛІҚҰЛҚЫЗЫ

*Түркістан облысы, Отырар ауданы, Көксарай ауылы  
"Айгөлек" бөбекжай-балабақшасы МКҚК. Тәрбиеші*

«Ойнай білмеген, ойлай да білмейді» Халық даналығы

XXI- ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ойөрісі жоғары, жан- жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр. Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні - мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді.

Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып, олардың өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне тәрбиешілердің маңызы зор. Балаларды тәрбиелеуде ойын әдісінің маңызы көп. Мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді. Ойын барысында бала өзін қоршаған үлкендер сияқты, өзінің сүйікті әңгімелері мен кейіпкерлері сияқты өмір сүреді, әрекет жасайды. Ойынды қолданумен бірге ойлауға, тілді дамытуға, шығармашылық әрекетін байытуға бағыт алады.

Баланың ойын кезіндегі қимыл- қозғалысы дене бітімін жетілдірсе, ал қарым- қатынастағы пайымдаулары өзіндік таным- түсінік, мінез- құлық әдептерін бекітуіне әсер етеді. Бала ойын арқылы бір әрекеттен екінші әрекетке ауыса отырып, өзіне түрлі ақпараттар алады, дүние сырын ашады.

Ойындардың негізгі мақсаты балалардың ықылас зейінін, сөздік қорын, байқампаздығын, есте сақтау, қабылдауын дамытуғы, икемділікті арттыруға, өзінің жеке құрбыларының ісәрекетін бағалай, құрметтей, өз ісінің дұрыстығын дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарымқатынас жасай білуге үйретеміз.

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісінде тәрбиешінің: — балалардың сөздік қорларын дамыту; — жаңа сөздерді меңгерту; — үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің артуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Ойын үстінде бала еш нәрсеге тәуелсіз. Ол өзін еркін ұстайды. Ал еркіндік дегеніміз барлық дамудың баспалдағы, бәрін білуге деген талпынысы мен құлшынысы.

Баланың білуге деген құштарлығы, сөйлеуі ойын үстінде қалыптасады. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады. Арнайы ойын-сабақ және сабақ мазмұнына қарай танымдық, дамытушы ойындарды, тапсырмаларды қолдану, балаларды заттарды бір-бірімен салыстыруға, оларды қасиетіне қарай ажыратуға және оны танып білуге үйретеді. Сөйтіп бала топтағы жасына сәйкес бағдарламалық міндетті меңгереді.

Ойын ұйымдастыруда тәрбиеші өзі жетекші бола отырып, балаларды ойнай білуге, ойын ережесін сақтауға, әрі оларды ойната отырып, ойлануға бағыттайды, заттың атын немесе қасиетін есінде сақтап қалуға жол ашады, ойынға қызықтыра отырып зейінін, қиялын дамытады. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әр түрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлеміз және бұл біздің ең негізгі алдымызға қойған мәселеміз. Сонымен, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады.

**Ойынның маңызы:**

- Ақыл-ойы дамиды, оқуға қызығушылығы белсенділігі, шығармашылығы, артады, тұлғалық қасиеттері қалыптасады.
- Ойын түрінде оқыту жалықтырмайды, балалардың білімінің сапасын арттыруда, оқу іс-әрекетін қызықты өткізуге, тәрбиеші үшін тиімді.
- Бала бойындағы жағымсыз қылықтарды, ойын арқылы тәрбиелейді.

Тәрбиешілерге балалардың есте сақтау қабілетін, қиялын, қабылдау қабілетін, зейін тұрақтандыруға, аңғарымпаздық қабілетін дамытуға арналған көмек құралы ретінде төмендегі ойындар топтамасын ұсынып отырмын.



1) Есте сақтау қабілетін дамытуға арналған ойындар Төрт құбылыс Балалар шеңбермен тұрады. Жүргізуші «су» - десе қолдарын алдына созады, «ауа» десе жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады, «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса ойыннан шығарылады. Көңілді шеңбер Балалар шеңбер жасап отырады. Бір-біріне мұқият қарайды. Жүргізуші белгі бергенде балалар көздерін жұмады. Сол кезде жүргізуші отырған балаларға әр түрлі заттарды қыстырып қояды (гүл, орамал, көзілдірік т.с.с.). Балалар көздерін ашқанда не өзгерді? - деп сұрайды. Ең зейінді балаға сыйлық беруге болады. Орныңды тап Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, қарап алуы керек. Жүргізушінің бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан-жағына тарап кетеді (белгі: шапалақтау, барабанмен беріледі). Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбер түзеді. Өз орнын таппаған балалар ойыннан шығарылады. Ойыншықты сипатта Жүргізуші балаларға қолындағы ойыншықты мұқият қарап алуға ұсынады (1 минут).

Алынатын ойыншықтар түрлі-түсті және бөліктері бірнешеу болуы шарт. Ойыншықты жасырып, балалардан сол ойыншықты көргендегі түр-түсі, көлемі, пішіні, дене бөліктерін есінде сақтағанын сипаттап беруді талап етеді. Ойыншықты дәл, нақты сипаттап берген бала ойынды әрі қарай жалғастырады. Сөзді есінде сақта Жүргізуші балаларға 7 қосарлы сөздерді оқиды. Балаларға мұқият тыңдау ұсынылады. Бірінші сөзді жүргізуші айтады, балалар келесі сөзді есінде сақтап қайталайды. Осылайша қалған сөздерді түгел айтып шығу керек. көктем - жаңбыр жаз - күн шықты аспан - бұлт жер - шөп

2) Қиялды дамытуға арналған ойындар Менің көңіл-күйім қандай Балалар өз көңіл-күйлеріне сәйкес келетін суретті тауып атайды (көңілді - көңілсіз, ренжулі, қорқынышты, ...т.с.с.). Сол кездегі өздерінің көңіл-күйлерін баяндайды. Басқа суреттегі көңіл-күйге сәйкес болған жайды әңгімелеп береді. Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.

Ойын-балалардың өмір танымының алғашқы қадамы.

Ойын, төзімділікті, алғырттықты, тапқырлықты, ізденімпаздылықты, іскерлікті, көп білуді қалыптастыруға үлкен мүмкіндігі бар педагогикалық, тиімді әдістерінің бірі. Ойын тек баланың, дене күшін, қуатын молайтып, оны шапшаңдыққа, дәлдікке т.б. ғана тәрбиелеп қана қоймайды, оның ақыл-ойының толысуына, жан дүниесінің қалыптасуына, есейуіне де пайдасын тигізеді. Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін дамытады.

Ойын- бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспейді, жан-жақты дамымайды, бала отбасымен және қоршаған ортамен тығыз араласа отырып, ана тілін үйренеді.

№ H00015 29.10.2021 ж

## Ағылшын тілі сабағында жаңа технологияларды пайдалану

**СЕНГИРБЕКОВА АЛИЯ АЛИКУЛОВНА**

*Шымкент қаласы Қаратау ауданы Асар 2,  
№138 ЖОББМ. Ағылшын тілі пәні мұғалімі*

Шет тілдерін үйрену, әсіресе ағылшын тілі қазіргі – заманның қажеттілігі.

Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев республикалық білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзінде білім беру ісін реформалаудағы стратегиялық міндеттердің бірі – шығармашылық тұрғыдан бәсекелестікке сай үш тілді жетік меңгерген, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны оқытып – тәрбиелеу деп атап көрсетті. Бұл жерде негізгі ролді білім беру жүйесі алып отыр.

Қазіргі қоғам сұранысына сай білімді, шығармашылықпен жұмыс жасайтын, өзін-өзі дамытып жетілдіре алатын жеке тұлға тәрбиелеуге аса назар аударылуда.

А. Байтұрсынов өзінің

«Мектеп деректері» еңбегінде былай деп жазды: «...Мұғалім қандай болса, мектеп, пән сондай болмақшы. Яғни мұғалім білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін мұғалім».

Әлемнің бірнеше елінен сынақтан өткізілген жаңаша оқыту төрт бағытты қамтиды.

Олар мыналар:

Модельдік технологиясы

Рейтингтік жүйе

Дамыта оқыту технологиясы

Сын тұрғысынан ойлау

Әрбір технология өзіндік жаңа әдіс тәсілдермен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдерді мұғалімдердің ізденісі арқылы оқушы қабілетіне қабылдау деңгейіне қарай іріктеліп қолданады. Технологияларды күнделікті сабақ үрдісіне пайдалану үшін мен өзімнің алдымдағы оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсат-мүддеме сай, өзімнің шеберлігіме орай тандап алдым.

Ұстаз тұлғаның танымдық қабілеттерін дамытып өздеріне деген сенімін арттырып, істеген іс-әрекеттерінен жағымды эмоциялар алатындай дәрежеге жеткізуі керек. К.Роджерстің пікірінше, мұғалім:

Оқушыға сенім көрсету;

Оқушыға мақсаты мен міндетін белгілеуге көмектесу;

Оқушының шет тілін оқуға деген ішкі қызығушылығына мән беру;  
Оқушы қиындыққа кездескенде кеңес беретіндей тұлға болу;  
Оқушыға ұялмай өз пікірін айта алуға көмектесу;  
Әрбір оқушының сезімі мен көңіл толқуларын түсініп, ыңғайлы жағдай жасау сияқты қағидаларды басшылыққа алу тиіс.  
Осы мақсаттарға жету жолында өзімнің сабақ беретін сыныптарымда біршама жұмыстар жасалды. Мысалы, оқушылардың бәрі үздік, екпінді оқушы емес. Ол кезде мен оқушылардың өз деңгейіне қарай тапсырмалар беріп отырдым. Соның арқасында сыныптағы барлық оқушы бағаланып, қатысып отырды.

I деңгейдегі оқушыға проблемалық сұрақтар қою арқылы олардың ой-пікірімен есептесіп, ынталандыруды көздедім, II деңгейге қиын сөздердің мағынасымен таныстыруды тапсырдым, III деңгейге мәтін не туралы, басты кейіпкерлер кім және т.б. сұрақтарға жауап беру сияқты жеңілдетілген тапсырмалар бердім. Оқушының дарындылығының дамуы қабілетінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігіне және оның тұлғалық қасиетіне байланысты. Оқушымен жұмыстың негізгі мақсаты – оқушының шығармашылық, дарындылық қабілетін дамыту, жеке тұлғаны жетілдіру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын тереңдетіп оқыту және оқушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады. Оқушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты. Жаңашыл педагогтар оқушының жеке тұлғалық қасиетін барынша құрметтеп, оның шығармашылық қабілеттер мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілетін дамыта отырып, ағылшын тілін жетік меңгертуде. 2012 жылдан бастап «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлау» технологиясының стратегияларын сабақтарыма қолдана бастадым.  
Сын тұрғысынан ойлау дегеніміз – ақпаратты қабылдаудан басталып шешім қабылдаумен аяқталатын ойлаудың күрделі процесі.

**Мақсаты:** барлық жастағы оқушыға кез келген мазмұнға сәйкес сыни тұрғыдан қарап екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдап сапалы шешім қабылдап отыру. СТО – оқушылардың мәтінмен жұмыс дағдыларын дамытуға ауызша және жазбаша тілдің барлық түрін қарым-қатынас дағдыларын меңгертуге бағытталған технология. Сабақтың құрылымдық кезеңдері 3 кезеңнен тұрады:

I. Brainstorming (Ой қозғау)

Мен 6 сыныбында өткен «What do we know about the history of the USA» сабағымда ой қозғау мақсатында сұрақтар дайындадым. Өтілген сабақтар бойынша бәрі сұрақтарға дұрыс жауап берді. Бұрынғы білетін материалдарын жаңа ақпараттармен толықтырды.

II. INSERT мағынаны тану барысында қолдандым.

«What do we know about the history of the USA?»

V – I know

- I don't know

+ - It is new for me

-? - It surprised

America is a big, independent country. There are fifty states in the USA.

The history of Thanksgiving Day. Where came term. Native Americans.

The history of wild west and jeans.

Why do people wear jeans all over the world now? Today many Americans still keep a gun in their houses.

III. Realization of the meaning ой толғаныс кезеңінде эссе жазу, «Бес жолды өлең», «Венн диаграммасын» қолдандым. Мысалы 5 жолды өлеңді оқушылар былай жазды:

America

Independent, friendly, developed

To fight, to discover

America is a big country

The USA

Мақсатқа жету оқушылар арқылы жүзеге асады. Оқушы басты тұлғаға айналады, ал мұғалім білімді беруші ғана емес, танымдық іс-әрекеттерді ұйымдастырушы, баланың қабілетін, көзін ашушы тұлға.

Мен баланың білімге деген қызығушылығын арттыратын жүйелі іс-әрекеттер ұйымдастыруға талпынамын. Ол жүйе мына төмендегідей:

Тақырыпқа байланысты хабарламалар;

Оқушылардың тақырыпқа, жаңа сөздерге, мәтіндерге байланысты қысқа әңгімелері;

Шығармашылықпен жұмыс істеуге бағытталған тапсырмалар (мәтіндерге, сөздерге байланысты қысқа әңгімелер, эсселер);

Жарыстар, сайыстар ұйымдастыру;

Әртүрлі танымдық ойындар ұйымдастыру;

Сабақтың әртүрлі формада өтуін қамту.

Оқыту білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – оқушыда білім, дағды, іскерлікті қалыптастыру. Ондай мүмкіндік тек сабақ арқылы беріледі. Сабақ – оқу үрдісінің ең негізгі формасы. Сабақтың мұндай міндеттен шығуы үшін оны психологиялық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыра білу қажет. Сабақты психологиялық тұрғыдан дұрыс ұйымдастыру дегеніміз – оқушының ішкі жан дүниесіне терең үнілу, ойына ой қосу, қиялына қанат бітіру, білім алуға деген құлшынысын, қызығушылығын ояту. Ол үшін мұғалім барлық мүмкіншілігін пайдаланады. Өйткені жай сабақ құнарсыз тамақ секілді, адам бойына жұқпайды. Қызықты сабақтар мұғалімнің ашқан жаңалығы, өзіндік қолтаңбасы, әдістемелік ізденісі, қолданған әдіс-тәсілдері арқылы ерекшеленіп шәкірт жүрегінен орын алады.

**Математика сабағында оқушылардың  
сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамыту**

**БАБАШ МЕЙРАМКҮЛ КӨЛБАЙҚЫЗЫ**

*Түркістан облысы, Отырар ауданы, Көксарай ауылы  
Ергеобек негизги орта мектебінің математика пәні мұғалімі*

Бүгінде білім беру жүйесінде ауқымды өзгерістер болып жатыр. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамыту тұжырымдамасында орта білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін – өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру деп атап көрсетілген. Мектеп жұмысы мен оқушы жетістіктерін өрістетудегі негізгі тұлға-мұғалім (Strong, Ward&Grant,2011). Мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай-ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі (Мұғалімге арналған нұсқаулық, 6-7 бет).

Сабақ – мұғалімнің шығармашылық ізденісінің жемісі. ҚР-ның педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының үшінші (негізгі) деңгейі бойынша білім алып, үйренгенімді өз тәжірибеме қолданып келемін. Осы курсты оқу барысында мен өзімнің сабақ беруіме емес, оқушыларға қалай оқу керектігін үйретуге, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға басты назар аударуым керек екендігін түсіндім.

Мен өз сабағымды жоспарлауда ең алдымен оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып, өзара сыйластық пен бірлесіп шешім табуға, тақырыптың мазмұнын өз бетімен меңгеруіне ықпал ететіндей оқу материалы мен қажетті құралдармен қамтамасыз етуге тырысамын. Сабақтың құрылымы оқушыларға оқу бағдарламасының (берілген тапсырманың немесе жаңа тақырыптың) мазмұнын игертіп қана қоймай, оқуға деген өз қабілетін дамыта алатындай етіп әзірлегенде ғана тиімдірек оқуға мүмкіндік береді. Сабақ барысында оқушыға білім алуға ыңғайлы, жағымды орта қалыптастыра білу табысқа жетудің бір факторы.

Оқушыларды сабақта топқа бөлудің әртүрлі қызықты тәсілі олардың алдағы жұмысқа деген қызығушылығын арттырады. Бөліну кезінде араларында бір-біріне деген жылы сезімдер орнап, өздерінде туындаған сенімсіздік пен

қобалжудан арыла бастайды. Ең бастысы оқушы өзінің қабілеттері мен ерекшеліктерін көрсете білу мүмкіндігіне ие болғандығын түсінеді. Математика сабағында оқушылардың құзыреттілін дамыту үшін «Сыни тұрғысынан ойлау» технологиясының маңызы зор. Сыни тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану арқылы оқушылардың өз беттерімен меңгерген материалдағы ұғымдардың есінде ұзақ сақталып, оның білім деңгейінің артуына зор ықпал ықпал етеді. Елімізде 1997 жылдан бастап дамып келе жатқан «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы 3 кезеңнен тұрады: «Қызығушылықты ояту/Мағынаны ажырату/Ой-толғаныс».

**1. Қызығушылықты ояту:** оқушылар қарастырылатын тақырып бойынша бұрынғы білімдерін еске түсіреді, яғни жаңаны ескімен байланыстырады. Үйренуші жаңа ұғымдарды, түсініктерді өзінің бұрынғы білімін жаңа ақпаратпен толықтырады. Қызығушылықты оятудың екінші мақсаты үйренушінің белсенділігін арттыру. Оқушы өз білетінін еске түсіреді, қағазға жазады, көршісімен бөліседі, тобында талқылайды, яғни айту, бөлісу, ортаға салу арқылы өз білімдері мен түсініктерін өзгелерге жеткізеді. Қызығушылықты оятудың үшінші мақсаты - бір –бірімен пікірталасқа түсе отырып, әр оқушыда түрлі сұрақтар туындайды, бұл өз кезегінде оқушыларды ойлануға жетелейді.

**2. «Мағынаны ажырату» кезеңі.** Жаңа материалды игеруде туындаған сұрақтарға оқушылар өз тәжірибелері тұрғысынан жауап беруге тырысады, олардың оқу процесіне деген қызығушылығы артады.

**3. Үшінші кезең «Ой толғаныс».** Осы кезеңде оқушылар жаңа мәліметтерді өздерінің бұрынғы білімдерімен салыстырады, қажет болған жағдайда өз пікірлерін өзгертеді, жаңа білім, жаңа түсінік қалыптасады. Сыни тұрғыдан ойлауды дамытудың мақсаты барлық жастағы оқушыларға кез келген ой-пікірлеріне, тұжырымдамаларына сыни тұрғыдан қарап, екі ұйғарым бір пікірдің біреуін таңдауға, саналы шешім қабылдауға үйрету. Сыни тұрғыдан ойлау технологиясының мені қызықтырғаны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Ол бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы. «Мен шәкірттерімді ешқашан да үйретпеймін; мен тек олардың үйренуіне тиімді жағдайлар жасауға тырысамын», - деп айтқан А.Эйнштейннің принципін ұстанып жүрмін. 8 сыныпта геометрия сабағында «Тік төртбұрыш, ромб, квадрат және олардың қасиеттері» тақырыбында өткізген сабағым туралы сіздермен ой бөліскім келеді. Топты «Кеше қандай жағымды, жылы сөздер естідіңдер?» деп сұрап, олардың тақтаға жазып қойдым. Олар: «Жарайсың, балам! Үлкен азамат бол! Тұра ғой, жаным! Ботақаным менің!» деген сөздерді естігендерін айтты. Сол арқылы топқа бөлдім, 1 топ «жарайсың, балам!» тобы, т.с.с. әр топ мүшелерін топ атымен айтып сөз бергенде олардың жүздері бал-бұл жайнап, сабаққа көңілді, асқан қызығушылықпен қатысып отырды. 1 топқа өткен сабақ бойынша тапсырма бердім, 2-4 топтарға жаңа сабақты өз бетімен меңгеруі үшін

оқу материалы мен қажетті құралдармен қамтамасыз еттім. Мұндағы мақсатым – өткен тақырыппен жаңа сабақтың өзара байланысын балалар өз беттерімен анықтап, әр фигураларға тән қасиеттері арқылы анықтама бере отырып, талдау жасай білу дағдыларын жетілдіру. Бұл тапсырмада оқушылар жүйелі ойлануға, керекті ақпаратты өздігімен түсініп, оны талдап, оның ішінен керектісін тандап алуға, өз ойы мен пікірлерін дәлелдеуге, өз білімдеріне деген жауапкершіліктерінің артқандығын сездірді. Ең бастысы сыныптастарымен тиімді қарым-қатынас құруға тырысқандары мені қуантты. «Ромбының диагональдары тең болса, оның квадрат болатынын дәлелдендер» деген тапсырмада Ерболат есімді оқушы мыс сымнан квадрат жасап, қарама-қарсы бұрыштарын созу арқылы оны ромбға айналдырып, «диагоналдарының ұзындықтары әр түрлі болса, ол ромб, ал диагоналдары тең болса квадрат болатынын» өз бетінше тәжірибе жасау арқылы дәлелдеді. Өзінің тіл байлығының аздығын сол сәтте ол сезініп, тәжірибені дәлелдеуді сыныптастарына қалдырды. Оқушылар фигуралардың өздеріне тән қасиеттері мен берілген анықтама, теоремаларды пайдаланып және сыныптастары көрсеткен тәжірибеден оқушылар «Ромбының диагональдары тең болса, онда ол квадрат болады» деген қорытындының дұрыстығына көз жеткізді.

Сабақты қорытындылау кезеңінде бүгінгі тақырыпты алдымен топта, содан кейін бүкіл сыныппен бірге фигуралардың айырмашылығы немесе ортағын салыстыра отырып, ойлауға, бір-бірін толықтыруды Венн диаграммасы арқылы ұсыныс білдірдім. Сабақтың соңында бар білімдерін жаңа ақпаратпен толықтырып қана қоймай, алған білімдерін нақтылап, кей анықтамаларды өзгертіп, өздері бірін-бірі толықтырды.

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытудың тиімділігі – оқушының білімін арттырып ғана қоймай, сонымен бірге:

- Мұғалім мен оқушылар арасында ізгілікті қарым-қатынас орнайды.
- Оқушының өздігінен жан-жақты білім алуына жағдай жасалады.
- Оқушы ойын ашық айта алуға, пікір айтуға, алмасуға үйренеді.
- Алған білімге сын көзбен қарауға, білімді сапалы түрде алуға дағдыланады.
- Мәселенің ең негізгі түйінін табуға дағдыланады.
- Оқушылардың шығармашылық белсенділігі артады.
- Алған білімдеріне жауапкершілікпен қарауға үйренеді.
- Жеке тұлға ретінде жетілуіне, дамуына бағытталады.

## Заман көші – болашақ бағдары

### **АБДРАХМАНОВА ЫРЫСБИКЕ БҮРКІТҚЫЗЫ**

*Нұр-Сұлтан қаласы Мәшһүр Жүсіп атындағы  
№57 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі*

Мектеп қабырғасын қайыспайтындай етіп тұрғызуға алғаш себеп болған ғұлама ұстаз Ыбырай Алтынсариннің білімінің түбірі сақталғанымен, ғылыми тұрғыда педагогикалық әдістер өркендеуде. Ғылыми жұмыс – білімді жетілдіру, дәлелдеу, оны жарыққа шығару үшін берілетін үлкен мүмкіндік.

Егеменді еліміздің өскелең ұрпағын ойлы да іскер, өзіне - өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Ұстаздардың міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру.

Қазіргі заманғы ғылыми - техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан - жақты жетілген, ақылды, парасатты, ой - өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу – қоғамның мақсаты. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен, жаңаша әдіспен жұмыс істеуін қажет етеді.

Білім - ел қазынасы, білімді ұрпақ – ел байлығы, білімнің негізі мектепте, яғни бар ғылымның бастауы – мектеп. «Елдің келешегі бүгінгі жастардың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында», - деп Тұңғыш Елбасы бізге үлкен міндет артып отыр. Мектеп оқушыларын ғылыми жұмысқа баулу – педагог шығармашылығының нәтижелі жұмысы.

XXI ғасырдың озат оқушылары қазіргі таңда ғылыми ортада қалыптасып, дамып келеді. Себебі, жаңа технологиялар, жаңа сала, жаңа іс-әрекет, әлеуметтік желідегі жаңа ақпараттар барлығы оларды ғылыми іс-әрекеттерге жетелейді. Бұл келешек ұрпақтың ой-санасының дамуының жоғарғы деңгейін көрсетеді. Әрбір оқушының жас ерекшелігіне, қабілетіне қарай дарындылығын әр түрлі әдістермен айқындау және дамыту, оның ішінде ғылыми іздеу қызметімен ұштастыру – жаңашыл педагогтің міндеті.

«Ұстаздан шәкірт озар», - деиекші, заман біздердікі, яғни, бойында намыс оты қайнаған, болашағы жарқын жайнаған, өздерінің білімімен сайланған жастардыкі. Мен кеудесінде «қазақ» деген ұшқыны бар, ғылым-білім жолында оза шапқан білімді ұрпақтың келешегін ғылыми тұрғыда толық елестете аламын. Егемен еліміздің саналы ұрпағы ғылым жолында шың басына шығуы үшін, қазірден бастап, өмірді жаңашылдықпен елестетуі тиіс.



Себебі, жаңа дүниенің барлығы ғылым дамуы. Ол үшін мектеп қабырғасында арнайы ғылыми, зерттеу, тәжірибе алмасу жұмыстарына қатысып, білімдерін шыңдауы абзал.

Оқытушы, ағартушы, ірі ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы: «Оқу жұмысының үш жағы үш мәселеге тіреледі: бірі мұғалімге, бірі құралға, бірі ақшаға». Осы үшеуі бірдей тең болса, оқу қисаймай, ауытқымай түзу жүреді. Ол үшеуі тең болмағанда оқу жұмысы аумалы жүк сияқты орнықсыз» - деген екен. Сол үшін де болашақтың айқын келбеті, ұстаздың тәлімімен ғылымға қанат қақса, келешегінің дамуын қалыптастырады

№ H00019 29.10.2021 ж

## Дене тәрбиесі - салауатты өмір негізі

**ТУРЕХАНОВА АЛТЫНАЙ ТУЛЕГЕНОВНА**

*Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы Теңге ауылы №11  
" Теңге"бөбекжайының дене шынықтыру пәні жетекшісі*

***Біздің бақытымыздың оннан тоғызы денсаулыққа байланысты.***

**А.Шопенгауер**

Бүкіл әлемдегі дәрігерлер мен педагогтар әлдеқашан ортақ пікірге келген еді: ұлт денсаулығын сақтап қалу үшін барлық күш жігерді біріктіру және оны балалар денсаулығын қорғауға бағыттау қажет.

XXI ғасыр—ақпараттардың аса молдығы бойынша бұрын-сонды болмаған ғасыр. Біз балаларға денсаулықты сақтау, түрлі аурулардың алдын-алу, салауатты өмір салты туралы көп айтып жүрміз. Ал, бұл мәселелерді шешу балалар денсаулығын сақтау, оның ішінде дене тәрбиесі, психологиялық тұрақтылықты арттыру, орынды тамақтану және көптеген басқа мәселелер бойынша маңызды жұмыстарды қажет етеді. Мектеп мұғалімінің алдында оқушыларға білім берумен қатар олардың дені сау, дене бітімінің дұрыс жетілуін қадағалау міндеті тұр. Бүгінгі алдымызда отырған оқушы -ертеңгі еліміздің экономикалық қуатын, мәдени және рухани байлығын жақсартуға ықпал ететін жеке тұлға.

Дене тәрбиесі тек мектептегі дене шынықтыру сабағы ғана емес, ол сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі. Қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы дене тәрбиесінің жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге деген белсенділігі мен ізгілікті қатынастарын дамытуға бағытталған.

Дене тәрбиесі-өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады. Жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру түрлері оқушының өз бетінше ұйымдастырылған жұмыстарымен толықтырылған жағдайда нәтижелі болады.

Оқушының күнделікті қозғалыс тәртібін толықтыруға арналған жұмыс түрлері дене тәрбиесі жүйесінің элементтері есебінде болды:

- Таңертеңгі гимнастикалық жаттығулар. Күнде таңертеңгілік 9-10 жаттығудан тұратын кешен. Бұл оқушылардың орталық нерв жүйесін қалыпқа келтіріп, оқушы ағзасын сергітеді.

- Мектепке дейінгі және үйге қайтар жолдағы серуен. Таза ауада жаяу жүрудің өзі шынығу, сауықтыру әсерін тигізеді.
- Оқу сабақтарына дейінгі жаттығу. Сабақтағы нәтижелі іс-әрекет пен оқу күнін белсенді бастауға мүмкіндік туғызады.
- Дене тәрбиесі сабақтары. Бұл сабақтар мазмұны мемлекеттік талап пен оқу бағдарламасына сәйкес белгіленіп, оқушылардың күші мен жылдамдығын, ептілігі мен шыдамдылығын, ерік-жігерін, батылдық пен табандылықты және тез шешім қабылдау секілді тәрбиелік қасиеттерді дамытады.
- Сабақ үстінде сергіту минуттары. Ой еңбегі барысында ағзаның тынығуына әсерін тигізеді.
- Үлкен үзіліс кезіндегі дене жаттығулары мен қозғалмалы ойындар. Оқу күні ортасында оқушылардың белсенді демалысын қамтамасыз етеді.
- Спорттық үйірмелер, ұйымдар мен топтардағы жұмыс. Белгіленген спорт саласы бойынша оқушының жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз етеді.
- Жалпы мектепшілік спорттық бұқаралық шаралар. Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы мектепшілік сайыстар жатады.

Бұл шаралар барлық оқушының спорт пен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызып, салауатты өмір салтының негізін қалайды.

- Өз бетінше дене жаттығуларымен айналысу. Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі оқушының жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне, сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Денсаулық-байлық қана емес, ол адам бақытының бастауы, тіршілік көзі. Ұлы ақын Абай данамызда «Денсаулық- терең бақыт» деген.

Ғылым мен техниканың күн санап қарыштап дамуы, экологиялық зардаптардың белең алуы, ой еңбегі мен дене еңбегінің ара қатынасының алшақтауы, әр-түрлі зиянды әдеттердің (шылым шегу, алкоголь ішімдігі, есірткі пайдалану т.б) пайда болуы секілді құбылыстарға қарсы, салауатты өмір салтын қалыптастыратын тегеурінді күш иесі-спорт. Спортпен шұғылданған баланың денсаулығы мықты, өзі әлді, төзімді, икемді, әрі нәтижелі болады. Еліміздің келешегін жалғастыратын жігерлі, білімді азамат болып шығады.

Салауатты өмір салтының насихатталуы, ауыл мектебіндегі спорттың өсуі, одан әрі өркендеуі, әлемдік деңгейге жетуі, кейінгі жастар үшін үлгі-өнеге болатыны үлкен дәлел.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз», -деген болатын.

№ Н00020 29.10.2021 ж

## Мәңгі есімде сол бейне!

### АБЫЛАЕВА ЖАНАР

*Қызылорда облысы, Арал ауданы, Бөген ауылы*

*№20 З.Шүкіров атындағы орта мектептің педагог ұйымдастырушысы*

Үнсіздік... Қолында қаламсап, алдында шашылып жатқан қағаздар, ойға шомып бір қыз отыр. Еш нәрсеге алаңдар емес.

Бұл № 20 З.Шүкіров атындағы орта мектеп жанындағы интернат үйінің ішінде отырған интернат тәрбиешісі болып жақыннан бері жұмыс жасап келе жатқан Абылаева Жанар болатын. Сіздерге «интернат» деген сөзді оқыған кезде жылылық сезім пайда болуы мүмкін.

Себебі сіздің де қызықты, әсерлі күндеріңіз осында №20 З.Шүкіров атындағы орта мектеп жанындағы интернатта өткен болу керек.

1921 – 1922 жылдардан бері жұмыс жасап келе жатқан интернат.

